

А.З. Қазанбаева*, З.Н. Жуынтаева, М.А. Тұрсынова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: Kazanbaeva67@mail.ru, zamza_bota@mail.ru, t_marhaba@mail.ru)

Батырлар жырындағы этнолексикалық қолданыстардың ерекшеліктері

Этнолингвистика ұлт мәдениетімен, тарихымен, тілімен тікелей байланысты болып келеді. Батырлар жырындағы этнолексика — материалдық мәдениеттің негізгі көрсеткіші. Мақалада тіліміздегі этнолексиканың қолданылу ерекшеліктері мен танымдық мәні сөз етіледі. Эпостық жырлардан ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, тілі айқын көрініп, этностың тұрмысынан, болмысынан толық ақпарат береді. Батырлар жырындағы этнолексикалық қолданыстардың берілу жолдары мен тілдік табиғаты мәтін ішінде айқындала түсіп, ұлттың материалдық лексикасынан орын алады. Этнолексикалық қолданыстар лексикамызда ерекше қолданыста болатындығы айқын көрінеді. Оған жырдан алынған мысалдар нақты дәлел бола алады. Батырлар жырындағы этнолексиканың қолданысы аясының кеңдігі анықталады. Ұлт мәдениетіне қатысты этномәдени атаулардың тілдік табиғаты қарастырылып, олардың лексика-семантикалық жүйедегі алатын орны мен қолданысы анықталып, жырлардан келтірілген үзінділер негізінде айқындалып, олардың ерекшеліктері жан-жақты ашылады.

Кілт сөздер: батырлар жыры, этнолексика, этнолингвистика, лексика-семантикалық жүйе, ұлттық материалдық мәдениет.

Kipicne

Қазіргі уақытта тіл мәселелерін сол тілді қолданушы ұлттың мәдени-рухани өмірімен байланыстыра зерттеудің маңызы айқындала түсуде. Тілдің негізгі тірегі сөз болып табылады. Тіліміздегі этнолексикалық қолданыстар — халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінен ақпарат бере отырып, материалдық мәдениеттің негізін құрайды. Батырлар жырында кездесетін этнолексикалық қолданыстар, сөз тіркестері, фразеологизмдер, этноатаулар — тілдік бірліктердің ішіндегі куммулятивтік қызметі ерекше байқалатын, ғасырлар бойы дамып қалыптасқан, ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі. Этномәдени атаулар ұлт тілінде айрықша қолданылып, сол ұлт жайында этноақпарат жеткізеді. Халықтың тарихи-мәдени, рухани-элеуметтік және дүниетанымдық әлемін танытатын этнотанбалық тілдік бірліктер көркем шығарма, ауыз әдебиеті үлгілері мен шешендік өнер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Жалпы алғанда ұлтқа тән сөзқолданыстарынан этностың барша болмысы мен танымы этномәдени атаулардан айқын көрініс береді. Этномәдени лексиканың мағыналары мен түпкі этимологиялық жақтары сөз ішінде айқын қолданылады. Ұлттық болмыс пен дүниетанымды айқын көрсететін көркем шығарма тілінде этномәдени лексика жиі қолданылып ерекше назар аудартады. Материалдық мәдениетке қатысты лексика ұлтымыздың салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, этнос өмірінің тіршілігінен көрініс беріп, таптырмас тілдік құралдардың бірі болып табылады. Қазақ мәдениетіне байланысты этноатаулар халқымыздың эстетикалық талғамының деңгейін, табиғатты игерудегі тәжірибесін, рухани дүниетанымның жетістігін айқындай түседі.

Лингвистикада этнолингвистиканы жүйелі қарастырған ғалымдарымыздың бірі академик Ә. Қайдар: «Этнолингвистика — этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатында туындаған лингвистиканың жаңа да бір дербес бір саласы. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психоллингвистика, статоллингвистика, паралингвистика, іспеттес этнолингвистика да — «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол — этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді қажет ететін ғылым» [1, 144].

Этнолексикалық қолданыстар тілімізде сақталып, рухани әрі материалдық көрсеткіш ретінде сақталып, ұлттың бүкіл тұрмыс-тіршілігінен, болмысынан айқын көрініп, тіл байлығының негізгі

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Kazanbaeva67@mail.ru

көрсеткіші болып табылатыны анық. Тіл арқылы ұлттың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы, жалпы тұрмыс-тіршілігі айқындала түсіп, сол тілден мол деректер беріп, рухани және материалдық мәдениетін нақтылай түседі. Лингвистикадағы жаңа бағыттардың бірі — тілді мәдениетпен байланыстыра зерттейтін, этномәдени және материалдық мәдениеттің байланысын, олардың қолданысын қарастыратын этнолингвистика болып табылады. Ғалым Е. Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді. Этномәдени лексикаға сол этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстарының заттық мәдениет лексикасы жатады», – дейді [2, 4]. Этнолингвистика ұлттың өткені мен бүгінінен, болашағынан толық түсінік бере отырып, этностың бар табиғатын ашып береді.

Этнолингвистикалық қолданыстардың тілдегі көрінісі, берілу жолдары, танымдық мүмкіншілігі даму тұрғысынан тарихи-мәдени әрі күрделі лингвистикалық категория болып табылады. Этноатаулар ұлттың өткен тарихынан, мәдениетінен, рухани әлемінен ақпарат бере отырып, этностың бірнеше ғасырлар бойы қолданған тілінен көрініс береді. Сан ғасырлық тарихы бар ұлтымыздың өткені мен бүгіні батырлар жырындағы, көркем шығармалардағы және ауыз әдебиетінің басқа да үлгілерінде кездесетін этнолексикалық қолданыстардан айқын көрініп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Лингвистикада этнолингвистиканың ғылыми-теориялық негіздері ғалымдар Ә.Т. Қайдар, Е.Н. Жанпейісов, М.М. Копыленко, Ж.А. Манкеева еңбектерінде індетте зерттелсе, Р. Сыздық, Н. Уәлиев, Б. Қалиев, Р. Авакова, Г. Смағұлова, С. Сәтенова, Р. Шойбеков, Қ. Ғабитханұлы, А. Жылқыбаева, Ш. Сейітова, Ш. Қарсыбекова, А. Алмауытова, А. Әлімжанова және т.б. ғалымдарымыздың еңбектерінен этнолексиканың зерттелуіне, қалыптасуына, дамуына байланысты этностың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты құнды ғылыми тұжырымдарды кездестіруге болады. Ғалымдарымыз этнолингвистика, этномәдени лексика, этнолексика жайында ғылыми тұжырымдарды ұсына отырып, ұлтымыздың тарихи құндылықтарынан, материалдық мәдениетінен, танымы мен талғамынан түсінік бере отырып, өткені мен бүгінін айқындайтын деректер болып табылатындығын баса айтады. Ғалым Е. Жанпейісов: «Этномәдени контексті зерделеудің бірден-бір ұғымды ғылыми жолы — салыстырмалы тарихи әдіс, этимология. Ал этимологияға әдетте кешенділік тән. Этнолингвистика диалектологиямен, фольклористикамен, этнологиямен, мифологиямен, жанас, жапсарлас тұрған, көп жағдайда солардың жетістіктеріне, зерттеу материалына сүйенетін және кешенді әдісті пайдаланатын іргелі ғылым. Сондықтан да тіл білімінің әр кезгі даму деңгейін, кемелдену қалпын қашанда тек дәл осы іспетті іргелі ғылым саласындағы зерттеулердің ауқым-аясы ғана нақты көрсете алады» [3, 4]. Қазіргі зерттеулер салыстырмалы-тарихи тұрғыдан этимологиялық зерттеу әдістеріне негізделіп қарастырылып жатыр. Этнолингвистиканы арнайы зерттеген ғалым М.М. Копыленко: «Этностың тұрмыс-тіршілігі, қазіргі болмысы мен тарихы, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері айқындалады және жете зерттеледі», – деп анықтайды [4, 17]. Ғалым Ж.А. Манкеева «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол — мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) — этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы», – деген пікірі тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, тілдің табиғатындағы ұлттық сипатты айқындай түседі [5, 15]. Этнолингвистика теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылып, тіл мен ұлт мәдениетінің тұтастығы негізінде лингвистикалық талдаулар жүргізіле бастады. Этнолингвистикада тіліміздегі этноатаулардың белгілі бір ұлтқа қатыстылығы мен қолданыстық сипаты этномәдени лексика аясында қарастырылады. Этнолингвистикалық зерттеулерде негізгі басты назарда болатын мәселе тілдің қызметі мен дамуына этнолингвистикалық және материалдық мәдениетке байланысты фактордың әсер етуін қарастыру болып табылады.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызыметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалыу ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын, таным-талғамын таныта түседі. Ж.А. Манкеева: «Тіл мәдениетпен бір бүтін тұтастық құрып, ажырамас бірлікте өмір сүреді. Ол мәдениеттің өн бойында қалыптасады, оның дамуына да ықпал етеді. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, яғни біздің өмір сүру образымыздан хабар беретін білік-тәжірибеміз бен идеяларымызға тәуелді» [6, 15].

Бірнеше ғасырдан бері қалыптасқан этнолексика халықтың этномәдени тарихы мен тілдік шығармашылығынан туындаған құнды этноақпараттың негізгі көзі болып табылады. Этнолексикалық қолданыстар қазақ халқының дүниетанымынан, өмір сүру салтынан көрініс береді. Этнолексикаға қатысты атаулар қолданыс барысында әр түрлі мағыналық реңктерді кеңінен қамтиды. Этнолексикалық қолданыстар, этноатаулар ауыз әдебиетімізде, көркем шығармаларда беріліп, сол ұлттың танымдық табиғатын айқындап көрсетеді. Лингвистикада этнолексика, этномәдени лексика, этнолексикалық қолданыстар туралы мағыналы ойлар ғалым Ж.А. Манкеева еңбектерінде қарастырылып, нақты әрі дәлелді тұжырымдар айтылған. Этнолексикаға былайша баға береді: «Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың көпшілігі — ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атаушылық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар — қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [7, 7]. Ғалымның пікіріне жүгінетін болсақ, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын аталымдардың қолданысы кең ауқымды, сонымен қатар тақырыптық аясы да жан-жақты болып келеді.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Эпостық жырларымызда ұлтымыздың өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этнолексика молынан кездесіп, ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болып табылады. Эпостық жырларымызда кездесетін этноатаулардың ұлттық бояу жасаудың бірден-бір құралы, негізі болатындығына көз жеткізу үшін, батырлар жырынан алынған төмендегі үзінділерді келтіруге болады.

«Қамбар батыр» жырынан үзінді келтіре кететін болсақ қазақтың тұрмысын көрсететін этноқолданыстар толықтай этноақпарат бере отырып, сөздің қуатын айқын көрсетеді.

**Қалі кілем, кара нар,
Тайтұяқ жамбы және бар,
Дабылдарын бөктеріп,
Сауыттарын төңкеріп,
Аузы түкті қалмаққа
Көп ноғай сөйтіп жаранар.
Қуанғанның белгісі
Қамқа тонға сыймады**

Қазақ тұрмысына қатысты этноатаулар **кілем, тайтұяқ жамбы, сауыт, қамқа тон** аталымдарынан этностың өмір сүру салтын байқаймыз. Қазақ қолөнеріне байланысты атаулардың рухани мәдениетпен астасып жатуы этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді. Жамбы сөзінің беретін мағынасы — көне түркі тілінде «ямбу» яғни, құймалы алтын немесе күміс дегенді білдіреді. Сонымен қатар бағалы заттардан жасалған құнды бұйымдар да жамбының рөлін атқара берген. Жамбы — ірі кара немесе ұсақ малдың тұяғы мүсіндес болғандықтан тайтұяқ, қойтұяқ, аттұяқ, асық жамбы, бесік жамбы және т.б. деп аталған. Жамбының жасалған материалына байланысты: таза ақ күмістен жасалған болса ақ жамбы, алтыннан жасалған болса алтын жамбы деп атаған. Жалпы жамбы ату ойынын — көшпенділер жауынгерлердің мергендік қабілетін жетілдіру үшін қолданған. Жамбыны ату үшін ең әуелі садақ керек. Садақ — сонау ежелгі дәуірдегі сақтар мен ғұндардың,

берісі Кенесары заманына дейін көшпелілердің иығынан түспеген, дәстүр-салтымен біте қайнасқан қымбат мұрасы. Ата-бабамыз адырнасын аңыратып жауға шапқан, аң атқан, тойға барып жамбы да атқан. Жамбы ату үшін садақ керек болған. Сонымен қатар садақтың да бірнеше түрін қолданған.

Қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекше бір көрініс беретін саласы күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнер саласының жете дамығандығын байқаймыз. Әрбір ұлттың қолөнер кәсібі оның материалдық және рухани мәдениетінің көрінісі ретінде орын алған. Қолөнер бұйымдары — өзінің көркемдік мән-мазмұнымен, бітім-болмысымен ғасырдан-ғасырға сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын қазына. Зергерлердің қолынан жасалған әртүрлі қолөнер үлгілері тек эстетикалық жағынан ғана емес, сондай-ақ ұлт өмірінен түсінік беретін этноақпараттық қазына болып табылады. Этноатаулар тек тілдік материал ғана емес, олар этностың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танытатын ұлттық колоритін айқындайтын материалдық мәдениеттің бір бөлігі.

Атап айтатын болсақ, ұлтымыздың тарихы, тұрмыс салты, ой-өрісі мен эстетикалық талғамдары тек оның рухани байлығы арқылы ғана емес, оның күнделікті тұрмыста қолданған құрал жабдықтарынан, үй-жиһаздарынан, киім-кешектерінен, әшекей бұйымдарынан айқын көрініс береді. Тұрмыста қолданылатын қолөнер бұйымдары — тарихи-мәдени категория. Олар дәстүрлі мәдениеттің түрлі қабаттарын құрайды. Оның әр қабатында қоғамның әлеуметтік-тарихи, материалдық-экономикалық дамудың таңбалары қалып отырады. Күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер туындыларының тілдік қабатын анықтау, этноатаулардың жасалу жолдарын, тарихын, мағына-мазмұнын ашу маңызды мәселелердің бірі болып қалады. Ұмытыла бастаған осындай қолөнер бұйымдары эпостық жырларда кездесіп, түсініктеме беруді қажет етеді. Олардың кейбірі бүгінгі күні тілімізде қолданыстан шығып қалған.

Тіл мен мәдениет негізінде қалыптасқан қолөнерге байланысты туындаған этнолексика, этноатаулар белгілі бір уәжділігі бар сөзқолданыстар. Қазақ қолөнеріне байланысты туындаған атаулар сол ұлттың эстетикалық талғамының деңгейін, рухани танымының жетістігін және шығармашылық еңбегін әрі табиғатты игерудегі өмірлік тәжірибесін байқатады. Қолөнерге қатысты бұйым атаулары қазақ халқының тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік рөлін айқындап ғана қоймайды, сонымен қатар олар ұлт мәдениетінің қалыптасқан тұтас бір бөлшегі ретінде саналады. Этнолексика ұлттық- тарихи колорит жасауда таптырмас тілдік құрал болып табылады. Академик Р. Сыздық этнолексикалық қолданыстар жайында: «Бұндай қолданыстар қазақ халқының мәдени мұрасында өте дамыған, молынан сақталып, біздің кезеңімізге жеткен ауыз әдебиеті үлгілері — батырлар жырлары, ғашықтық жырлары деп аталатын циклдегі үлгілердің тілінен, тұрмыс-салт жырлары деп аталатын алуан түрлі поэзиялық-прозалық үлкенді-кішілі шығармалардан, ертеде қалыптасқан тұрақты тіркестер құрамынан, ақын-жыраулар мен шешендер сөздерінен, мақал-мәтелдер құрамынан іздеп таба аламыз. Бұлардың ең көп материал беретіндері — фольклорлық туындылар болып табылады» [9, 26].

Олардың қолданысын батырлар жырынан айқын көре аламыз. Мысалы «Ер Тарғын» жырынан үзінді келтіретін болсақ:

Алтынды **тоны** жылт етіп,
Саулы **інгендей** ыңқылдап,
Күшігендей сұңқылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Буыны түсіп былқылдап,
Алтын қалпақ **дулыға**,
Шекесінде жарқылдап

Қазақ тұрмысына қатысты этноқолданыстар **тон**, **дулыға** сөздері негізінде ұлт тұрмысының бір көрінісі болып табылады. Қазақтың тұрмысына қатысты атаулар арқылы ұлт тіліндегі ақпарат жеткізуші қолданыстар айқындала түседі.

Қамқа **тонын киіпті**,
Сары алтыннан **жағасы**,
Алтыннан қамыт доғасы,
Шиделкісі күмістен,
Божы арқаны жібектен,
Қызметкерлер тез жеккен.
Жегіп алды қос қара ат
Киіп алды қос манат

Жоғарыда жырда кездесетін тон — сырт киімдердің ішіндегі ең көп кездесетін, ертеден жеткен киім түрі болып табылады. Мұның этимологиясына келер болсақ, әр түрлі пікірлер бар. Қазақ тілінде «тон» көне түркі тіліндегі «киім» сөзінің көне атауы, бұл сөзден туындаған «тонанты», «тонымақ» сөздері «кию» дегенді білдіреді. Тон — түрлі жануарлардың, әсіресе малдың терісінен илеп тігілетін суықтан қорғап, жылылық сақтайтын сырт киім. Тауешкі, арқар терілерінен де тон тігілген. Жарғақ, тайжақы, қылқа жарғақ, дақы деп тай, құлын терілерінен жүнін сыртына қаратып тігілетін киімдердің түрлерін атаған. Қазіргі тілдік қолданысымызға сай тон сөзінің мағынасын қысты күні киетін киім деп түсінеміз. Тон — түркі тілдерінде өте ерте заманнан қолданылып келе жатқан сөз. Олардың барлығында дерлік, бұл сөз «киім-кешек» деген мағына беретіні белгілі. Ескі түркі тілінде тон сөзі аталған мағынадан бөлек «киім» дегенді білдіреді. Мақал-мәтелдерде де кездестіреміз. Мәселен, «Сұлу кесте — тон сәні», «Кенесті ел азбас, кеңінен пішкен тон азбас», «Шеше көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар», «Келісіп пішкен тон келте болмас». Тон сөзінің мағынасы әрі қарай трансформацияға ұшырап, ақ тон (бидайдың қабығы, қауызы) екінші дәрежелі аталым қызметінде жұмсалады. Мысалы, «Бидай ақ тонынан әлі айырылып болмаған екен» деп те қолданамыз. Сонымен қатар, «тон» сөзінің ауыспалы мағынада да жұмсалуды эпостық жырда мынадай көрініс береді:

Тонын жарып тұлпардың
Құлынға таныс қылады.
Сонда жатып құлындап
Бурыл тұлпар туады

«Атаның тоны балаға жарасса, ол атасын іздемейді» (М. Қашқари) — дегендегі «тон» сөзі байлықпен дәулетті тұспалдаса, «тонын жарып тұлпардың» деген сөздің мағынасы тілдегі ажарлаудың бір түрі.

Қазақ ұлтының тұрмысымен байланысты, рухани дүниесімен сабақтаса қалыптасқан этнолексика ұлт мәдениетінде ерекше қолданылып, тілдік деректер ретінде сақталады. Батырлар жырынан келтірілген үзінділер осының дәлелі бола алады.

Киім атаулары да ұлттық мәдениетті танытудың бірден-бір құралы болып табылады. Қазақ қоғамында киген киімдерінен олардың әлеуметтік ортасы да көрініс берген. Бұл мысалда да киіз үйдің кейбір бөліктері суреттеліп, ұлт тіліндегі орны айрықша көрінеді. Суреттеліп отырған этномәдени лексиканың маңыздылығы оқырманға жетуі және оның санасынан орын алып ұлт менталитетіндегі алатын орнының айрықша көрінетінінде.

«Қамбар батыр» жырында кездесетін этнолексиканың қолданысынан ұлтымыздың болмысы мен таным-талғамы айқын көрініс береді.

Қанжығам құтты болсын деп,
Байлады батыр дабылды,
Қара қасқа тұлпарға
Арпа-бидай асатты,
Қалмақтарға баруға,
Батыр Қамбар ентікті.
Алты көш жерден деміккен
Күндік жерден кезіккен
Мойнына алды бір қару
Алтын менен гауһарлы
Түрлі кілем үстінен
Қара жерге бастырмай,
Алтыннан тіккен **отауға**
Ер Қамбарды кіргізді

Түсіндірме сөздікте отау сөзіне былайша түсініктеме берілген: ғалымдар адамның тұрағының атауы ретінде қарап, көп жағдайда оны «от» сөзімен байланыстырады. Жырда кездесетін **көш, отау** сөздері қазақ ұлтының тұрмыс-тіршілігін айқындайтын этнолексика болып табылады. Бұл қолданыстар ұлт мәдениетін, талғам-танымын көрсететін бірліктер болып табылады. Көш сөзіне түсіндірме сөздікте: «Үй-ішін, дүние-мүлкін күш көлігіне тиіп, малын алдына салып, қоныс аударған бір, не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені», – деп түсінік берілген [10, 245]. Тілімізде аштан өліп, көштен қалды, көш артық, көшке берген тайлағыңды қайтып ал, көш жүре түзеледі, көш бойы, көш көлікті болсын, қозы көш жер секілді қолданыстар қалыптасқан.

Батырларымыз қолданған қару-жарақ атаулары да ұлтымыздың материалдық мәдениетін айқындайтын этноақпарат болып табылады. «Алпамыс батыр» жырынан мысал алатын болсақ, қару-жарақ атауларының қолданысы айқын көрініп, тіл этностың рухани, мәдени байлығынан ақпарат береді.

Атын қойған Алпамыс
Атса **мылтық** өтпейді,
Шапса **қылыш** өтпейді
Өлгенінше балаңа
Дұшпанның күші жетпейді

Мысалы, «Қамбар батыр» жырында қару-жарақ атаулары қолданылып, олардың құрал ретіндегі қолданысынан бөлек ұлт тіліндегі материалдық мәдениеттің көрсеткіші болып табылатындығы анық байқалады.

Бадана көзді берік **сауыт**,
Баса үстіне киеді,
Жау жарағын асынып,
Жүрмекке даяр болады.
Құрама болат дулыға
Шекесіне қояды
Үзеңгісін шіреніп,
Ақ найзасын сүйеніп,
Тұмсығын тығып тұлпардың
Есігінде тұрады.

Батырлар жырынан мысал келтіретін болсақ қару-жарақ атауларының бірнеше түрлерін байқаймыз.

Беліне ілді **бес қару**,
Балдағы алтын қылышты
Қалмаққа қылар қайланы,
Көрер ерлік пайданы.
Құдай берсін қайратты,
Шаншып алған сықылды,
Болаттан соққан найзаны.
Қыздар тағар қос алқа,
Ішке жағар ақ малта,
Аш беліне қаптырды.
Болаттан соққан ай балта,
Тойғызды кедей тамақты,
Ойлады батыр талапты,
Шіреніп тартса сынбаған,
Шыққан оғы қайтпаған.
Ер басына қыстырды
Өзі құйған садақты [11, 365].

Жоғарыда келтірілген мысалдан байқағанымыздай қару-жарақ атаулары: **мылтық, ақ найза, қылыш, жебе, балта, садақ** секілді қару-жарақ атаулары батырдың жауға шапқанда қолданатын негізгі қару түрлерінің бірі болған. Ұлтымыздың дәстүрлі мәдениетінде қару-жарақ атаулары құрал ретінде ғана емес, ұлттың материалдық мәдениет лексикасы ретінде де қолданыс тапқан. Батырлар қолданған қару-жарақ атаулары — ұлттық мәдениетіміздің айрықша көрсеткіші екенін байқаймыз. Батырлар жырында кездесетін қару-жарақ атаулары тек жаугершілік, соғыс құралы ретінде ғана емес, қарудың барлық түрі этностың өмір сүру салтының бір көрсеткіші болып табылады және сол халықтың өткенінен этноақпарат жеткізуші материалдық құндылықтардың бірі.

Қорытынды

«Ұлт–тіл–мәдениет біртұтас» ұғымының негізінде ұлтымыздың рухани мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, таным-талғамына, тіршілік ету салтына қатысты тілдік бірліктердің, этнолексикалық қолданыстардың табиғаты ауыз әдебиеті үлгілерінде, көркем әдебиетте айқындалады.

Этнолексикалық қолданыстардың лексика-семантикалық жүйедегі орны ұлт мәдениетінің көрсеткіші ретінде айқын көрінеді. Ұлтымыздың рухани-материалдық құндылықтарын, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдік қасиетін айқындайтын ұлтқа қатысты этномәдени қолданыстар батырлар жырында айқын көрініс береді. Ғалым Ж.А. Манкеева: «Тіл-мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш. Ол мәдениеттің жалпы сипатын анықтайды, негізгі ақпаратты жинақтайды, сақтайды және жеткізеді», – деген ойы материалдық мәдениетке қатысты ұлттық реңктің көрінісі эпостық жырлардан айқын көрінетінін айғақтай түсетінін байқаймыз [12, 157]. Сонымен байқағанымыздай, тіліміздегі этнолексикалық қолданыстар қат-қабат, ұлт тілі табиғатының көрінісінен ақпарат беретін мол қазына болып табылады. Тілдегі ең негізгі қабаттарының бірі — этнолексикалық атаулар болып табылады. Тілімізде ұлтымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бейнелейтін және сонымен қатар әртүрлі кәсіпке байланысты қазіргі уақытта ұмыт бола бастаған этноатаулар ауыз әдебиеті үлгілерінде молынан кездеседі. Киіз үйдің құрама бөлшектері, ұлттық киім-кешек түрлері, жаугершілікте батырларымыз қолданған қару-жарақ атаулары, әртүрлі қолөнер бұйымдары, саятшылыққа қатысты қолданыстарда, зергерлік бұйымдарда, ұлттық тағам түрлерінде және басқа да атауларда ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі, материалдық және рухани мәдениеті, дүниетанымы айқын көрініс береді.

Сонымен, тіліміздегі этнолексикалық қолданыстардың мағыналық астарында ұлтымыздың басынан кешкен сан қырлы тарихы мен өткен өмірінің барлық кезеңдері көрініс беріп отырады. Этнолексикалық қолданыстардың берілу жолдарын халықтың ұлттық-мәдени материалдық лексикасымен қатыстыра зерттеудің маңыздылығы қашанда құнды болып табылады. Ұлт тіліндегі этнолексикалық қолданыстардан этностың бай сөздік қоры айқын көрінеді, рухани әрі материалдық мәдениеттің негізі ретінде тілдік деректерден көріне түседі. Ұлтымыздың дүниетанымындағы қалыптасқан ұғымдар мен атаулар, этнолексикалық қолданыстар оның рухани-мәдени мұрасынан мол деректер береді және этностың табиғатынан хабар жеткізетін этноақпараттың негізін құрайды. Эпостық жырларымызда кездесетін этнолексикалық қолданыстар ұлтымыздың материалдық мәдениетімен байланысты болып келетін күрделі лингвистикалық категория, материалдық-рухани мәдениетті танып білудің негізі, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде тұтас күйінде жететін тілдік материал болып табылады. Батырлар жырындағы этнолексикалық қолданыстар — рухани-мәдени-тарихи құндылықтарды айқындайтын материалдық мәдениетіміздің негізгі көрсеткіші.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә. Қайдар. — Алматы, 1998. — 285 б.
- 2 Жанпейсов Е.Н. Этнолингвистика / Е.Н. Жанпейсов. — Алматы: Ана тілі, 1994.
- 3 Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауэзова) / Е.Н. Жанпейсов. — Алматы, 1989. — 288 с.
- 4 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики / М.М. Копыленко. — Алматы, 1995. — 228 с.
- 5 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері / Ж.А. Манкеева. — Алматы, 2008. — 356 б.
- 6 Манкеева Ж.А. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері / Ж.А. Манкеева // Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы. — Алматы, 1997. — 235 б.
- 7 Манкеева Ж.А. Материалдық мәдениет лексикасы / Ж.А. Манкеева. — Алматы, 2008. — 356 б.
- 8 Әлімжанова А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты / А. Әлімжанова. — Алматы: Ғылым, 2008. — 193 б.
- 9 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар / Р. Сыздық. — Алматы, 2009. — 272 б.
- 10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 5-том. / Жалпы ред. басқ. А. Ысқақов. — Алматы, Ғылым, 1980. — 640 б.
- 11 Батырлар жыры. Екі томдық: 1-том / Ред. Ә. Нұрмағанбетов. — Алматы, 1977. — 365 б.
- 12 Манкеева Ж.А. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің бағыты / Ж.А. Манкеева // Теоретические проблемы лингвистики. — Алматы, 2008. — 157 б.
- 13 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік: 3-томның 1-томы / Ә. Қайдар. — Алматы, 2013. — 728 б.

А.З. Қазанбаева, З.Н. Жуынтаева, М.А.Тұрсынова

Особенности этнолексического употребления в героическом эпосе

Этнолингвистика связана с культурой, историей, языком нации. Этнолексика в героических эпосах является основным показателем материальной культуры. В статье изложены особенности применения и познавательный смысл этнолексики в казахском языке. В эпических произведениях отчетливо прослеживаются история нации, культура, язык, а также представлена полная информация о быте, бытии этноса. Пути передачи и языковая природа этнолексических применений в героических поэмах становятся все более ясными в тексте и занимают значительное место в материальной лексике нации. Очевидно, что этнолексические употребления имеют особое применение в нашей лексике. Убедительным доказательством тому служат примеры из эпосов. Выявлена широта использования этнолексики в героических поэмах. Рассмотрена языковая природа этнокультурных названий, относящихся к культуре нации, определены их место и применение в лексико-семантической системе (на основе отрывков из поэм), а также всесторонне раскрыты их особенности.

Ключевые слова: героический эпос, этнолексика, этнолингвистика, лексико-семантическая система, национальная материальная культура.

A.Z. Qazanbayeva, Z.N. Zhuyntayeva, M.A. Tursynova

Features of ethno lexical use in the heroic epic

Ethnolinguistics is directly related to the culture, history, and language of the nation. Ethnolexics in heroic songs is the main indicator of material culture. The article describes the features of the application and cognitive meaning of ethnolexics in our language. The epic songs clearly trace the history, culture, language of our nation, and provide complete information about the way of life, the existence of an ethnic group. The ways of transmission and the linguistic nature of these lexical applications in the poems of the heroes are becoming increasingly clear in the text and occupy a place in the material vocabulary of the nation. Obviously, these lexical uses have a special application in our vocabulary. The examples from epics serve as convincing proof of this. The breadth of application of ethnolexics in the poems of the heroes is revealed. The linguistic nature of ethnocultural names related to the culture of the nation has been studied, their place and use in the lexico-semantic system have been determined, based on excerpts from poems, their features have been comprehensively disclosed.

Keywords: heroic epic, ethnolexics, ethnolinguistics, lexico-semantic system, national material culture.

References

- 1 Kaidar, A. (1998). Qazaq tilining ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Zhanpeisov, E.N. (1994). Etnolingvistika [Ethnolinguistics]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 3 Zhanpeisov, E.N. (1989). Etnokulturnaia leksika kazakhskogo yazyka (na materialakh proizvedenii M. Auezova) [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language (based on the materials of M. Auezova)]. Almaty [in Russian].
- 4 Kopylenko, M.M. (1995). Osnovy etnolingvistiki [Fundamentals of ethnolinguistics]. Almaty [in Russian].
- 5 Mankeeva, Zh.A. (2008). Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyng tanymdyq negizderi [Cognitive basics of ethno-cultural names in the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 6 Mankeeva, Zh.A. (1997). Etnos tili tabigatynyng erekshelikleri [Features of the nature of the language of Ethnos]. *Til tarikhy zhane soz tabigaty — In Collection of scientific articles* (pp. 235). Almaty [in Kazakh].
- 7 Mankeeva, Zh.A. (2008). Materialdyq madeniet leksikasy [Vocabulary of material culture]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Alimzhanova, A. (2008). Qazaq tilindegi aiel qolonerine bailanysty khalyqtyq leksikanyng etnolingvistikalыq sipaty [Ethnolinguistic character of Kazakh folk lexicon related to women's crafts]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 9 Syzdyq, R. (2009). Qazaq tilindegi eskilikter men zhangalyqtar [Old and new in the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 10 Ysraqov, A. (Ed.) (1980). Qazaq tilining tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (Vols. 1-10; Vol. 5). Almaty, Gylym [in Kazakh].
- 11 Nurmaganbetov, O. (Ed.). (1997). Batyrlar zhyry [Song of Heroes]. (Vols. 1-2; Vol. 1.). Almaty [in Kazakh].
- 12 Mankeeva, Zh.A. (2008). Qazaq til bilimindegi lingvomadeniettanymdyq zertteulerding bagyty [Direction of linguistic and Cultural Studies in Kazakh linguistics]. In *Theoretical problems of linguistics* (pp. 157). Almaty [in Kazakh].
- 13 Kaidar, A. (2013). Qazaqtar ana tili aleminde. Etnolingvistikalыq sozdik [Kazakhs in the world of their native language: Ethnolinguistic dictionary] (Vols.1-3; Vol. 1). Almaty [in Kazakh].